

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге ағымдағы жылдың 23-27 желтоқсан аралығында мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарында **Жаңа жыл мерекесіне арналған «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты іс-шара** өткізу тек балабақша және мектеп қабырғасында ғана өткізілуі қажет екендігін хабарлайды.

Педагогикалық этика және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында:

- іс-шара өткізуге аниматорлар, мерекелік агенттіктер, жеке студияларды тартуға;
- жаңа жыл мерекесін сән-салтанатты өткізуге;
- салтанатты дастархан ұйымдастыруға;
- әкімшілік және педагогикалық қызметкерлерге сыйлықтарға ақшалай қаражат жинауға жол беруге;
- жаңа жыл мерекесін мейрамханаларда, кафелерде, жалдамалы пәтерлерде (*жеке меншік үйлерде*) және басқа көңіл көтеретін орындарда өткізуге **ТЫЙЫМСАЛЫНАДЫ**.

Осыған байланысты, кәмелетке толмаған жасөспірімдердің өмір қауіпсіздігі мен оқыс оқиғалардың алдын алу мақсатында ата-аналар мен сынып жетекшілермен жиналыстар өткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілсін. Ата-аналар мен оқушылардан қолхаттар алынуы тиіс.

Сонымен қатар, оқушылардың денсаулығына қауіпті жағдайлар мен олардың алдын алу мақсатында 1-қосымшада берілген **қауіпсіздік нұсқаулығын** басшылыққа алу тиіс.

Осыған орай, әр балабақша мен мектеп 2024 жылдың 18 желтоқсанына дейін 2-қосымшада көрсетілген кестеге сәйкес **Жаңа жыл мерекесіне арналған іс-шара кестесін** аудан білім бөліміне қағаз түрінде берулеріңізді сұрайды.

Қосымша /2 бет/ тіркеледі.

Басшы

М.Сванов

Мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарында Жаңа жыл мерекесіне арналған қауіпсіздік нұсқаулығы

Жаңа жылдық шыршалар кезінде қоғамдық орындарда және басқа адамдар көп жиналатын орындарда өзін-өзі ұстау ережелері:

- мектептің акт залындағы жаңа жылдық қойылымға келген оқушылар сынып жетекшісінің нұсқауларын орындауы қажет және жаңа жылдық іс-шаралар кезінде әдеттегі өрт қауіпсіздігі ережелерінен басқа, мереке күндерінен тек жағымды эмоциялар алуға мүмкіндік беретін бірнеше қарапайым ережелерді сақтау керек.

Сонымен қатар:

- шыршаны шүберекпен және пластик ойыншықтармен безендірмеу;
- шыршаның түбін мақтамен қаптамау;
- шыршаны тек өнеркәсіптік өндірістің электр гирляндарымен жағуға;

- ғимаратта от жағуға, петарда мен бенгал шамдарын қолдануға және отшашу атуға болмайды.

Сондай-ақ, пиротехникалық құралдарды пайдалану жолын түсінбесеңіз және нұсқаулықта көрсетілмеген болса немесе сіз түсінбейтін тілде жазылған болса қолданбаңыз.

Қолдан жасалған **пиротехникалық құралдарды** пайдалануға және іс-шараға өткір және тесетін заттарды әкелуге **қатаң тыйым салынады.**

Тәртіпті сақтау, өрт қауіпсіздігіне жауапты әкімшіліктің, полицияның және басқа да тұлғалардың заңды ескертулері мен талаптарын орындау;

- басқаларға қауіп төндіретін және төтенше жағдай туғызатын әрекеттерге жол бермеу;

- іс-шаралар аяқталғаннан кейін ғимараттар мен құрылыстардан ұйымдасқан түрде шығуды жүзеге асыру;

- эвакуация туралы ақпаратты алған кезде әкімшілік пен тәртіпті қамтамасыз етуге, тыныштықты сақтауға жауапты тәртіп сақшыларының нұсқауларына сәйкес әрекет ету **талап етіледі.**

Мектеп ғимаратына 30 метрден жақын жерде, сондай-ақ тұрғын үйлердің, жанғыш заттардың жанында, аласа қоршаулар мен ағаштар астында «отшашуларды» ұйымдастыруға;

- пиротехникалық заттарды қалтада ұстауға;
- тұтану кезінде фитильді бетке жақын ұстауға;
- қатты желде пиротехникалық құралдарды қолдануға;
- адамдарға зымырандар мен отшашуларды бағыттауға;
- адамдардың аяқтарының астына петарда лақтыруға;
- жанып тұрған отшашулардың үстінен үңіліп қарауға;
- жанып тұрған пиротехникалық заттардан 15 метрден жақынырақ болмауға **қатаң тыйым салынады.**

Т.Рысқұлов ауданының мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарында 2024 жылдың 23-27 желтоқсан аралығында өткізілетін Жаңа жыл мерекесіне арналған іс-шаралар кестесі

Мекеме атауы	Өткізілетін күні	Жауапты орындаушы
Балабақшалар	23-24.12.2024	Балабақша меңгерушілері
Жалпы білім беретін мектептер (1-4 сыныптар)	23-24.12.2024	Мектеп директорлары
Жалпы білім беретін мектептер (5-8 сыныптар)	25-26.12.2024	Мектеп директорлары
Жалпы білім беретін мектептер (9-11 сыныптар)	27.12.2024	Мектеп директорлары